

Деркөл кенттік округіндегі жаңа көшеге "Мектеп көшесі" атауын тағайындау туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 27 мамырдағы N 8-9 шешімі және Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 1044 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 12 маусымда N 7-1-96 тіркелді

Батыс Қазақстан әділет Департаментінің 2008 жылғы 6 наурыздағы N 4-1323 Заңды бұзушылықты жою туралы ұсынысын қарап және Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6, 7, 31 бабтарын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 бабын, Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 38 бабын басшылыққа алып, Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** және Орал қалалық әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Деркөл кенттік округіндегі жаңа көшеге "Мектеп көшесі" атауы қосымшаға с ә й к е с тағайындалсын .

2. Орал қалалық мәслихатының 2007 жылғы 13 маусымдағы N 46-18 және Орал қалалық әкімдігінің 2007 жылғы 22 ақпандағы N 410 бірлескен шешімі мен қаулысы ж о й ы л с ы н .

3. Осы шешім мен қаулы оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2007 жылғы 13 маусымнан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Орал қалалық мәслихатының *Орал қаласының әкімі*
кезектен тыс 8-ші сессиясының
төрайымы

Орал қалалық мәслихаты
хатшысының міндетін атқарушы

Орал қалалық мәслихатының
2008 жылғы 27 мамырдағы N 8-9
және Орал қалалық әкімдігінің
2008 жылғы 24 сәуірдегі N 1044
"Деркөл кенттік округіндегі жаңа көшеге
"Мектеп көшесі" атауын тағайындау туралы"
бірлескен шешімі мен қаулысына
қосымша

1. Деркөл кенті (қоса берілген сұлбаға сәйкес):
1) "Мектеп көшесі".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК